

Жол қорының 1998 жылға арналған бюджеті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 29 мамырдағы N 493

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жол қорының 1998 жылға арналған бюджеті кірістер мен шығыстар бойынша қосымшаға сәйкес 12162,3 млн.теңге сомасында бекітілсін.

2. Жол қорының 1998 жылға арналған бюджетінің кіріс бөлігі:

автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының;

Қазақстан Республикасының аумағына кіргені, шыққаны және ол арқылы өткені
ү ш і н а қ ы н ы ң ;

бөлшек саудада сатылатын бензин мен дизельдік отынды сатқаны үшін алымның;

ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүргені үшін ақының;

заңдарда көзделген басқа да түсімдердің;

Астана қаласының қалалық магистральдары мен орталық алаңының құрылысын салуға және қайта жанартуға арналған банк несиесінің есебінен қалыптастырылады деп
б е л г і л е н с і н .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен

Көлік және коммуникациялар министрлігі Жол қорына қаражаттың толық және уақтылы түсуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

Жол қорының кірістерін облысаралық реттеуді қамтамасыз етсін;

Жол қорының есебінен жұмыстарды орындауды негізінен тендерлік негізде жүргізсін;

тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жол қоры бюджетінің атқарылу барысы туралы хабарлап отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 29 мамырдағы
N 493 қаулысына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Жол қорының
1998 жылға арналған

БЮДЖЕТІ
(мың теңге)

Кірістер мен шығыстардың баптары		Барлығы	Оның ішінде	
			республи. облыстық	калық Жол қоры
			Жол қоры	
1	2	3	4	
Кірістер				
1. Қаражаттың 1998 жылғы 1 қаңтардағы қалдығы		662280	384800	277480
2. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары		8632020	5610800	3021220
3. Қазақстан Республикасының аумағына кіргені, шыққаны және ол арқылы өткені үшін ақы		625400	625400	0
4. Бөлшек саудада сатылатын бензин мен дизельдік отынды сатқаны үшін алым		1191400	595700	595700
5. Ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүргені үшін ақы		25900	25900	0

6. Басқа да түсімдер	225300	139500	85800	
7. Астана қаласының қалалық магистральдары мен орталық алаңының құрылысын салуға және қайта жанартуға арналған банк несиесі	800000	800000	0	
8. Республикалық Жол қорынан облыстық жол қорларына дотациялар	0	-900000	+900000	
Дотацияларды есептегендегі кірістердің жиынтығы	12162300	7282100	4880200	
Шығыстар				
1. Кірістермен жабылмаған 1997 жылғы шығыстар	874640	612940	261700	
2. Жолдарды ағымдағы жөндеу, ұстау, көгалдандыру және басқару	3474168	1384168	2090000	
3. Жолдар мен олардағы құрылыстардың құрылысын салу, күрделі және орташа жөндеу - барлығы оның ішінде: Орал қаласындағы Жайық өзеніне көпір салу	1856033	127533	1728500	
4. Астана қаласын дамытуға бағытталған қаражат (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 ақпандағы N 91 қаулысы)	4393079	3843079	550000	

5. Астана қаласының қалалық				
магистральдары мен орталық				
алаңының құрылысын салуға				
және қайта жаңартуға арналған				
банктік несиені қайтару және				
несие үшін проценттік				
ставкаларды өтеу - барлығы	905440	905440	0	
оның ішінде:				
несие үшін проценттік				
ставкалар	105440	105440	0	
6. Қазақстан Республикасы	208613	208613	0	
Қаржы министрлігінің Кеден				
комитетіне, облыстардың				
және Алматы қаласының әкім.				
деріне, Қазақстан Республ.				
касының Ішкі істер министрлі.				
гіне, Қазақстан Республикасы				
Қорғаныс министрлігінің				
Мемлекеттік шекараны қорғау				
жөніндегі комитетіне,				
Қазақстан Республикасы Көлік				
және коммуникациялар				
министрлігінің Көлік инспек.				
циясына төлеуге бағытталған				
қаражат (Қазақстан Республ.				
касы Үкіметінің 1996 жылғы 21				
ақпандағы N 221 қаулысы)				
7. Ғылыми-зерттеу жұмыстары	107927	107927	0	
8. Негізгі қорларды күрделі	80764	24062	56702	
жөндеу				
9. Техникалар мен жабдықтар	153937	40895	113042	
сатып алу				
10. Кадрларды даярлау	6899	2425	4474	

11. Басқа да шығыстар	100800	25018	75782	
(салықтар, сақтандыру,				
жұмылдыру резерві)				
Шығыстардың жиынтығы	12162300	7282100	4880200	